



Ақмешіт

18 ақпан
сейсенбі
№13 (2126)
2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Білім беру саласында цифрландырудың қарқынды дамуы елімізде жаңа білім беру платформаларын енгізуге мүмкіндік берді. Оның бірі – «BilimClass» платформасы. Алғашында мұғалімдер жаңа жүйеге көшуге күмәнмен қарады. Көпшілігі бұл өзгерістердің оқу үдерісін жеңілдететініне және тиімді болатынына сенімсіз болды, сондай-ақ жаңа платформаны қолдануға үйрену уақытты алатынын айтты. Алайда уақыт өте келе платформаны қолданушылар оның артықшылықтарын байқап, жүйені қолдану әлдеқайда ыңғайлы әрі тиімді екенін түсінді. Бүгінде «BilimClass» жүйесі мұғалімдер мен оқушылар арасында кеңінен танылып, сабақ барысында маңызды рөл атқаруда.

СКЛЯРДЫҢ БАҒАСЫ немесе Сырда серпінді тірлік бар

Қарқынды даму үшін алдымен стратегиялық жоспар керек. Қашан, не істейміз және қалай істейміз? Өңір басшылары да сәт сайын әрбір жобаның елге берері болуы керек, экономикалық тиімділігі және бюджетке түсімі болғанда ғана келешегі болады дегенді айтып жүр. Әсте, бұл әрбір бастаманың халық үшін екенін айғақтайды. Кейінгі уақытта Сырдың даму даңғылына қадамы қарқынды. Оны көзбен көріп жүрген көпшіліктің де таңдай қаққан сәттері аз емес. Алаштың алғашқы астанасы атанған Ақмешітке ат басын бұрған талайдың тәнті боп жүргенін көріп жүрміз. Кешегі аптада өңірге келген Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр да оң бағасын беріп, өңір дамуына қызығушылық білдірді.



Айтпай-айтпай, не керек, мемлекеттік тілді жоғары қойып, құрметпен қараған басшыларды көргенде риза боласын. Сырға келіп, қазақ тілінде сұхбат берген орынбасар да Ақмешіттің жай ел емес екенін ұққандай.

– Қызылорда қаласында шағын өнеркәсіп аймақтарын құруда белсенді қадамдар бар. Бұл – халықты жұмыспен қамту мен шағын және орта кәсіпкерлік нысандары үшін жоғары деңгейдегі инфрақұрылымдық қолдау. Облыстың қолда бар әлеуеті өте маңызды. Сондықтан осы өсу динамикасын сақтау керек, – деді Роман Скляр.

Бұл – орынбасардың шағын өнеркәсіп аймақтарындағы жаңа жобалар мен өндіріс алаңдарына барғандағы түйген ойы. Сол жағалауды дамыту мақсатында сол жақтан шағын өнеркәсіп паркін салу туралы 2 кәсіпкердің өтінімі мақұлданды. «Тұмар» және «Техоснастка-Ремсервис» шағын өнеркәсіп аймақтары жобасының техникалық серіктесі – «Өнеркәсіпті дамыту қоры», «Байқоңыр» ӘКК АҚ. Бұл аумақтан ауыл шаруашылығы, азық-түлік өнімдерін шығару жоспарлануда. Сүт өнімдерін, жартылай фабрикаларды, нан-тоқаш өнімдерін өндіретін аймақта 10-80 жұмысшы еңбек етеді. Қазіргі уақытта іргетасы құйылып, бағаналары орнатылған.

Айта кетейік, «Ауыл аманаты» жобасы аясында соңғы екі жылда 601 жоба жүзеге асып, 917 жаңа жұмыс орны құрылды. Биыл 815 жоба шеңберінде мыңнан астам жұмыс орны ашылмақ. Сонымен қатар шаруашылық құрылымдарының әлеуметтік жауапкершілігі аясында кәсібін бастаушыларды ғимаратпен, кепілдікпен қамтамасыз ету тәжірибесі енгізілді.

2-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

«СЕН ДЕ КЕТТІҢ, МЕН ДЕ КЕТТІМ, ОЛ ДА КЕТТІ АУЫЛДАН...»

Бала күнімізде «ауылға жаңа отбасы көшіп келіңі» дегенді жиі еститін едік. Мұнан соң әр үй кезек-кезек оларды тамаққа шақырушы еді. Дастархан басында танысып-білісіп, оның жоғын түгендейді. Сәл уақыттан соң «жаңа адамдар» да ауылға сіңісіп, туысындай болып кететін. Ал қазір...

Ауылға анда-санда жол түскенде көрші-қолаң, ағайын-туыстың жайын сұрай қалсақ, «олар қалаға көшіп кетті» дегенді жиі естиміз.



2030 жылы қалада тұратын халық саны 14 млн адамға жетеді, ал 2050 жылы 20 млн адамға жуықтап қалуы мүмкін. Бұл – ресми ақпарат. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, Болжау және зерттеу департаментінің сарапшылары туу, өлім және көші-қон көрсеткіштері негізінде демографиялық болжам әзірлеген. Сарапшылар талдауына сүйенсек, 2030 жылға қарай қала халқының саны арта түседі. Мәселен, 2030 жылға қарай қалада тұратын қазақстандықтар саны 13%-ға артып, 14 млн-ды құрайды, 2050 жылға қарай 57%, 19,3 миллионға өседі деп болжаған.

Ал ауыл халқының санында қатты өзгеріс бола қоймайды. Десе де 2030 жылға қарай ауыл халқының саны 1%-ға артып, 7,7 млн адамды құрауы мүмкін. 2050 жылға қарай-шамамен 9%-ға өсіп, 8,2 млн адамға жетіп қалады. Жалпы 25 жылдан кейін елдегі халық саны 27,5 млн-ға жетуі ықтимал. Сарапшылар 2030 жылға қарай Астана, Алматы, Шымкент қаласында халық саны арта

түсетіндігін айтады. Мәселен, Астана қаласында адам саны 39%-ға артып, 1,9 млн-ға, Алматы қаласында 21%-ға артып, 2 млн 664 мыңға, Шымкент қаласында 17%-ға артып, 1 млн 416 мыңға жетеді деген болжам жасауда. Демек, ауылдан қалаға көш тоқтамайды деген сөз. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары 2030 жылға қарай тек 5 өңірде ғана ауыл халқының саны өсетінін айтады. Оның ішінде Қызылорда облысы да бар. Зерттеушілердің ақпаратына сүйенсек, 2030 жылға қарай Алматы облысында халық саны 140,8 мың адамға, Түркістан облысында – 94,7 мың, Маңғыстау облысында – 58,1 мың, Қызылорда облысында – 26 мың, Атырау облысында – 21,5 мың адамға артады. Ал алдағы 5 жылда Қостанай, Абай, Солтүстік Қазақстан облыстарында адам саны азайып кетуі мүмкін. Атап айтқанда, Қостанай облысында – 37,1 мың, Абай облысында – 35,2 мың, Солтүстік Қазақстан облысында 33,8 мың адамға азаяды.

2-БЕТТЕ



«BilimClass» қаншалықты тиімді?

Әлемдік тәжірибе: Электронды білім беру платформаларының рөлі

Бүгінде электронды күнделіктер мен білім беру платформалары жыл өткен сайын дамып келеді. Оқушы, мұғалім және ата-аналар арасындағы байланыс оқу үдерісін жеңілдетіп келеді. Эстония – Еуропадағы цифрлық білім беру саласындағы жетекші елдердің бірі. «vc.ru» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, Эстон мектептерінде мұғалімдер өз тәжірибелеріне және арнайы тренингтерге сүйене отырып, оқу жоспарларын өз бетінше әзірлей алады. Оқу үдерісін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) негізінде ұйымдастырылған, ал мұғалімдер осы технологияларды қолдану дағдыларын арнайы оқыту бағдарламалары арқылы жетілдіреді. Эстон оқушылары «e-Schoolbag» және «Oriq» платформаларындағы электронды оқулықтарды белсенді пайдаланады. Сонымен қатар «Roboversity» курстарында

робототехниканы меңгерсе, ата-аналар «eKool» платформасы арқылы балалардың үлгерімін бақылап, мұғалімдермен байланыса алады. Финляндияда оқу процесін басқару үшін электронды күнделіктер мен цифрлық платформалар кеңінен қолданылады. Мұғалімдер сабақ жоспарын құру және оқушылардың үлгерімін бағалау үшін «Wilma» сияқты қосымшаларды пайдаланады. Бұл платформа әсіресе пандемия кезінде қашықтан оқытуды ұйымдастыруда маңызды рөл атқарды. 1990 жылдары Сингапурдың білім министрлігі мектептерді цифрландыруға бағыттаған реформаларды бастады. Осы кезде орта мектептер мен колледждерге «Компьютерлік ғылымдар» пәні енгізіліп, оқушыларға ақпараттық технологияларды пайдалану негіздерін үйретті. Сингапурдың білім беру жүйесінің цифрландыруы бірнеше кезеңдік жүйе арқылы жүзеге асты. Бұл жоспарлар мектеп басшылары мен мұғалімдердің беделін арттырып, технологияларды белсенді пайдалануға бағытталған.

3-БЕТТЕ

Айдана ЖАУҒАШАРОВА, Ж.Нұрманов атындағы №198 мектеп директорының орынбасары, республикалық «Педагогикалық идеялар» байқауының III орын жеңімпазы:

ИНФОРМАТИКАҒА ҚЫЗЫҒАТЫНДАР КӨБЕЙДІ



Қазіргі заман мұғалімі тек білім беруші ғана емес, шәкірттерінің бойындағы шығармашылық қабілетін ашып, жаңа мүмкіндіктерге жол көрсетуші тұлға. Айдана Байтаққызы – педагогика ғылымдарының магистрі, республикалық «Педагогикалық идеялар» байқауының III орын жеңімпазы, республикалық және облыстық деңгейдегі байқаулардың жүлдегері. Оқушылары республикалық және халықаралық

жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, ғылыми жобалар байқауларында жеңіске жетуде. Бұл жетістіктер үздік мұғалім ғана емес, шәкірттерін жетістікке жетелейтін кәсіби маман екенін көрсетеді. Устаздық жолында мол тәжірибе жинақтаған Айдана Байтаққызы білім беру саласында инновациялық әдістерді кеңінен қолданады.

Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектеп директорының орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі Жауғашарова Айдана Байтаққызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

3-БЕТТЕ

СКЛЯРДЫҢ БАҒАСЫ немесе Сырда серпінді тірлік бар

Ұшақтан түскенде...

Ұшақтан төмен түскенде ең әуелі әуежайға келесіз. Сондықтан алыстан ат арытып келген қонақтардың ең бірінші көретіні де осы. Қазақ «Адамның ақылы – көзінде» дейді. Аймақтың орталығына келгендегі алғашқы көргені оның жалпы көзқарасына әсер етері анық. Роман Скляр келген сапарын әуелі осы әуежайдың жаңа терминалымен танысудан бастады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Абайұлының қатысуымен 2024 жылы 12 қарашада «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы ашылды. Жобаны іске асыруға «Болат Өтемұратов қоры» 16,6 млрд теңге инвестиция салды, жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді, – делі облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Әуежай арқылы «AirAstana», «Fly Arystan» және «Qazaq Air» әуе компаниялары арқылы аптасына 26 рейс орындалады. Әуе айлағының өткізу мүмкіндігі 7 есе, яғни жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін артты. Жаңа терминал Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Өзіміз құрастырамыз, өзіміз жөндейміз!

Өндіріс аймақтарын көбейту – ел экономикасын нығайтудың басты бағыттарының бірі. Осы ретте жолаушылар вагондарын жөндеу, техникалық қызмет көрсету кешені және вагон құрастыру зауыты ойға оралады.

Бұл жобаның құрылтайшысы – «Марал-Нұр» ЖШС. Мекеме директоры Мұрат Нұрсайытов ауқымды жобаның егжей-тегжейлі ақпаратын айтты.

Жалпы, 15,4 млрд теңге инвестиция салынатын жоба 2 кезеңде жүзеге асады. Бірінші кезеңде жылына 560 жолаушылар вагонын ағымдағы жөндеу, 180 вагон депо жөндеу кешені жоспарланған. Құрылыс толық аяқталды, қазір ішкі әрлеу жұмыстары қарқын алды. Ресейден 60 жабдық жеткізіліп, монтаждалады. Серіктестік бұған шамамен 3,2 млрд теңге жеке инвестиция салды. Одан бөлек, жобаны «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2,2 млрд теңгеге қаржыландырды. 2025 жылдың ІІ тоқсанында пайдалануға беру жоспарланған. Ал екінші кезеңде жаңа технологияларды пайдаланып вагон құрастыратын өндіріс құрылмалар. Ол – жылына 30-40 вагон шығаратын «Қызылорда вагон құрастыру зауыты». Дайындық жұмыстары осы жылдың екінші жартыжылдығында басталады. Ресейден және ҚХР-дан жабдықтар сатып алуға қажетті 8 млрд теңге «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қарастырылуда, – делі ол.

Жеті гектар жердегі зауыт

«Өндіріс» индустриялық аймағында қарқынды салынып жатқан заманауи кірпіш зауыты Премьер-министр орынбасарының назарын аударды. Яғни, автоматтандырылған кірпіш зауыты. «Қызылорда Саз М» ЖШС салып жатқан зауыт іске қосылғанда жылына 90 млн кірпіш шығарады. Құрылысы қарқын алған Қызылорда үшін тиімді жоба.

Зауыттың іргетасы толық құйылып, металл конструкцияларының 60 пайызы орнатылған. Құрылыс алаңында 50 жұмысшы, 11 техника еңбек етуде.

Басы 1-бетте

Бейбарыс сұлтан көшесінің бойында, Жалантөс баһадүрдің арқа бетінде әулім ғимараттың құрылысы жүрде. Бұл – шығармашылық-инновациялық орталықтың құрылысы. Бұл күнде «Vi Global» серіктестігі қолға алған нысандағы жұмыс қарқынды қатты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен қала әкімі Нұржан Ахатов аталған нысандағы жұмыс барысымен танысты.



МҮМКІНДІККЕ ТОЛЫ ОРТАЛЫҚ

Орталықта балаларға спорттық сауықтыру, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану бағыттарында қызмет көрсетіледі. Бұдан бөлек, волейбол, баскетбол, футбол, воркаут алаңдары, соңғы үлгідегі бассейні қарастырылған. Сондай-ақ мұнда оқушылардың білімін жетілдіріп, ғылыми жұмыстармен айналысуына мүмкіндік болады.

Айта кетейік, өңірде құрылыс жұмыстары республикалық орта көрсеткіштен 41 пайызға жоғары. Аймақта жаңа әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Өткен жылы 69 жаңа ғимарат салынды, оның 25-і білім, 16-сы денсаулық сақтау, 11-і мәдениет, ал 17-сі спорт саласына тиесілі.

«Ақмешіт-ақпарат»



Ауқымды жоба – қарқынды даму

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауының арқасында бүгінде өңірдің энергетика саласының даму қарқыны жоғары. Біз бұған дейін де айтып жүрген 215 млрд теңгенің 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы – осы қолдаудың көрінісі.

Инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 127 млрд теңгеден астам инвестиция салды. Бұл – еліміз егемендік алғалы инвестор салып жатқан ең ауқымды жоба. Іске қосылған соң, өзімізден артылып, өзгені де жарылқаймыз. Өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік туады. Өңір үшін айрықша маңызға ие нысан биыл ел игілігіне табысталады.

Ал елге белгілі «Orda Glass Ltd» ЖШС шыны зауытында жылына 197,1 мың тонна шыны өндіріліп, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан



және Тәжікстанға экспортталады. Бүгінде онда 366 маман жұмыс істейді, оның 269-ы – қазақстандық, 97-сі – шетелдік. Мұнда да алға қойған айқын жоспар бар. Қытайлық инвестор алдағы уақытта 2 кезеңге жоспарланған жаңа инвестициялық жобаны жүзеге асырмақ.

Инвестиция тақырыбына келген соң, айта кету керек, өткен жылы облыста негізгі капиталға 640 млрд теңге инвестиция тартылды.

Сырдың ауыз толтырып мақтана алатындай жобалары жетерлік. Айтпақшы, «Жайлы мектептің» өзі неге тұрады?! Жыл сайын қоныс тойын тойлап жатқан жүздеген отбасының қуанышы да – бөркімізді аспанға атуға лайық жетістік. Құрылыста қарқын жоғары, нәтиже де көңілге медет. Сол жағалаудағы жаңа нысандар көздің жауын алады. Мұның барлығы елді дамыту бағытындағы айқын кадамдар. Скляр Сырдың серпініне таңданды. Басқа өңірлерге барса айта жүретінін берген бағасынан да айқын аңғаруға болады.

Әлбетте, қайсыбір нысан болсын, жай ғана келушіге көрсету емес. Оның мәні мен маңызына терең бойлап, елдің кәдесіне асуы ерекше қуаныш. Қазір қоғамдағы барлық салада да даму бар.

Жол жағдайы жақсарды

Жол тақырыбында мейманға көрсетер жұмыс көп. Бір жылдың ішінде бірнеше көшені кеңейтіп, жаңартып, айналасын абаттандырып үлгердік. Бұл бағытта әлі де талай жоба жүзеге асуда.

Өткен жылы аймақтың жол инфрақұрылымын дамытуға 44 млрд 703 млн теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөнделді.

Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асты. Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолына қайта жаңғырту жалғасуда. Облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Қосымша 30 шақырымна екі қабатты асфальт жабындысы төселді. Жұмыс қарқынды жүрде, жоба биыл толық аяқталады.

Дәулет ҚЫРДАН, Суретке түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

Өрт қауіпсіздігіне салғырт қарамайық

Өртті тілсіз жау екені белгілі. Әрине, аяқасты тұтанған оттың жалынына айналып, бір шаңдырақты күлге айналдыруы оң-оңай. Бірақ мұқият болсаңыз бұл қатердің де алдын алуға болады.

Үйі отқа оранып, жиған-тергенінен айырылып қалып жатқан жандар қаншама. Осындай оқиғалар қатары әсіресе жылу беру маусымында көбейе түседі. Оның себебін зерттей келгенде көбі үй несінің салғырттығынан болып шығады. Мысалы, балалардың сірнекемен ойнауына мән бермеу, кез келген бұрышқа шала сөндіріліп тасталған темекі тұқылы, талаптарды сақтамай тартылған электр желісі, газ пайдалануда қауіпсіздік ережесін елемейтін соны осындай оқиға жағдайларға соқтырып жатады.

Мұндай жағдайлардан аулақ болу үшін ортақ талапты сақтауымыз керек. Бір үйден тұтанған өрттің талай шаңдыраққа залалын тигізетінін естен шығармайық.

Қазыбек ОСПАНОВ, Қызылорда қалалық №5 өрт сөндіру бекетінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау майоры.

2050 жылға қарай аталған орталық сарапшыларының болжамы бойынша ауыл тұрғындары санының артуы бойынша Маңғыстау өңірі көш бастайды. Өңірде бұл уақытқа қарай адам саны 2,1 есе артып, 736,6 мыңға жетуі ықтимал. Бұл аралықта облыстағы халық саны 384 мыңға көбейеді. Екінші орында – Түркістан облысы тұр. Бұл аймақта халық саны 355 мыңнан 878,7 мың адамға дейін артып, 1,7 есе өседі. Одан кейін Ақтөбе облысы тұр. Мұнда адам саны 307 мыңға өсіп, 1 млн-ға жетуі мүмкін.

Ауыл тұрғындарының саны азаяуына Қостанай облысы көш бастауы мүмкін деген болжам бар. Бұл облыста халық саны 163,6 мың адамға қысқарып 151,7 мың адамға құрайды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 52% - ға аз. Абай облысында 149,6 мың адамға азайып, халық саны 87,6 мың адамға құрайды. Солтүстік Қазақстан облысында ауыл халқының саны 2050 жылға қарай 141,6 мың адамға қысқарып, 131,3 мың болады.


ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ | "АУЫЛ АМАНАТЫ"



Орталық сарапшыларының пікірінше, 2050 жылға қарай Қазақстанда қала халқының үлесі 70 пайызды құрайды деген болжам жасалған.

«Ана тілі» газетінде жарық көрген «Ауылға барамын» атты мақалада қалаға көшкен қазақтың жыл артқан сайын көбейетіні тілге тиік етіпті. Мұнда: «2024 жылғы 1 шілдедегі дерек бойынша Қазақстанда 6 208 ауыл бар. Бірақ бұл 2023 жылмен салыстырғанда 78-ге аз. Олардың біразы таратылған. Таратылған 78 елді мекеннің 50-і Түркістан және Қостанай облыстарында. Қалған 28 ауыл Алматы, Шығыс Қазақстан, Абай және Қарағанды облыстарына тиесілі. Мұны неге айтып отырмыз? Ұлттың урбанизацияға бейімделуі белен алып бара жатыр. Қалаға көшкен қазақ көбейді. Жалпы еліміздегі халық санының 38,4 пайызы қазір ауылда тұрады» деген дерек келтірген.


ІРІ ҚАЛАЛАРДАҒЫ ӨСІМ (2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН)



АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІ



ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ ӨСІМІ



Өткен айда ауылдардың болашағына алаңдаған мәжіліс депутаттары Үкімет басшысына сауал жолдады. Мәжілісмен Ринат Зайытов бастамашы болып, 8 депутат үн қосқан депутаттық сауалда ауылдан көшкен қазақтың, иесіз қалған ауылдың жайын айтып, дабыл қаққан екен:

– Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы түрлі саланың даму бағыттары, өңірлердің өркендеуін көздейтін бағдарламалар аз болған жоқ. Бірақ сол салалардың ішінде қайырымсыз баласы қаңғыртып жіберген қарияның күнін кешкен ол – біздің ауылдар. Оны өзіңіз де жақсы білесіз. Қажетті инфрақұрылымның сапалы медицина мен білімнің, тұрақты жұмыс пен табыстың, тіпті қарапайым интернеттің жоқтығынан 34 жылдың ішінде өз туған ауылдан амалсыздықтан аз адам тастаған жоқ. Соның салдарынан қаншама ауылдамыз «мүжілген сүйектей» мүшкіл халге жетіп, жабылып қалды. Нақты сандармен айтсақ, соңғы 5 жылда ШҚО-да 350 ауыл, СҚО-да 635, Павлодар облысы бойынша 352 ауыл бос қалды. 2024 жылдың өзінде-ақ СҚО-да 141 ауыл мәртебесінен айырылған. Көзге еріксіз жас, көңілге мұңды күмән ұялататын статистика. Бұл – жай ғана ауылдардың саны емес, мыңдаған отбасының туған жері, ұшқан ұясы, өмірінің тарихы ғой. Ауыл деген жай жаба салатын есік емес, қазақтың алтын бесігі екенін неге ұмыттық?», – деп жазады халық қалаулысы.

ХАЛЫҚ САНЫ АЗАЯТЫН ӨҢІРЛЕР (2030 Ж.)



АУЫЛ ХАЛҚЫ ӨСЕТІН ӨҢІРЛЕР (2030 Ж.)



Ауылдың әлеуетін көтеруді мақсат еткен бағдарламалар жүзеге асып жатқанымен бұл бар ауылдың енесін тіктеуге көмектесе алмайтынын айтқан халық қалаулысы бүгінде ауыл қазағына бір іс бастайын десе, келергі көп, қаржы жоқ екенін алға тартты.

– Иә, Үкіметтің «Ауыл – ел бесігі» және АМАНАТ партиясының «Ауыл аманаты» деген ауыл тамырына қан жүргізетін, сәтті бағдарламалары ұсынылып жатыр, оларды тіпті енгізді де. Нәтижесі де жаман емес. Бірақ бір-екі бағдарлама Қазақстанның барлық ауылдарын гүлдендіріп жібере алмайды ғой. Күні кеше ғана Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы өзінің қорытынды сөзінде: «Ауылдық аймақтарды жан жақты дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болмақ, яғни «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі» және тағы басқа бағдарламалар» – деп атап өтті.

Бүгін де ауыл тұрғындары өз күнімен қандай да бір іс бастайын десе де кедергілер өте көп, мал бағып, егін өсірейін десе, жері, кәсіп бастайын десе, қаржысы, қажетті инфрақұрылымы да жоқ. Тұрғындарын былай қойып, ауылдың әкімінде де қарапайым қажеттіліктерді өтейтін бюджет те, техника да, пәрмен де жоқ. Ауылдарды осындай күйге жеткізген соң, ауыл халқына неге көштің деп қай бетімізбен айтамыз? «Арқала аяз болмаса, арқар ауыл несі бар» дегенді бізміз білетін шығармыз? Алдағы уақыттағы Абай облысы Аязғүл ауданында да 10-нан астам ауылды жапқалы жатыр екен. Оның алдын алуға талпынып жатқан бір лауазымды тұлға жоқ. Қазақ өз тамырын өзі балталаса, қалай гүлдемек?! – деген халық қалаулылары Үкімет басшысына ауылдың енесін тіктеуге мүмкіндік беретін бірнеше ұсыныстарын да айтты. Атап айтқанда, ауыл әкімдерінің парменін күшейтіп, яғни тиісті әрекет ету механизмдерін қолына беру керек. Екіншіден, бір ауылға бір техника, яғни ауылдарды техникамен қамту бағдарламасын қарастыру. Бұл мәселені ұлттық деңгейге көтеріп, Үкімет басшылығы және облыс әкімдері деңгейінде қоныс аудару жөніндегі мемлекеттік комиссия құруды, ауылдық жерлерге жастарды тұрақтандыру және қоныстандыруға бағытталған жұмыс жоспарын құру, оны ауылдық жастарға жеткізуді ұсынды.

Жыл өткен сайын ауыл қазағы қалаға көше берсе, ұлттың алтын бесігі саналатын қарашанырақ иесіз қалмай ма деген сауал өзекті күйінде тұр. Ауылмыз қонап барады...

Басы 1-бетте

Гүлмира ДІЛДІБЕКОВА

«СЕН ДЕ КЕТТІҢ, МЕН ДЕ КЕТТІМ, ОЛ ДА КЕТТІ АУЫЛДАН...»

«BilimClass»

қаншалықты тиімді?

Басы 1-бетте

2011 жылы Оңтүстік Кореяның білім министрлігі мен президенттік кеңес «A Road to the Power of Talented Individuals SMART Education» жобасын іске қосты. SMART Education бағдарламасы білім беру кеңістігін жаңғырту арқылы оқушылар мен мұғалімдер арасындағы ашық диалогты дамытуды, қашықтан оқытуды дамыту және білім алуға кең мүмкіндік беруге, оқушыларға жаңа дағдыларды меңгеруге және материалдарды толықтыруға мүмкіндік жасау сияқты мақсаттарды қамтиды. АҚШ пен Канадада «PowerSchool» және «Schoology» платформалары кеңінен қолданылады. Олар мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға үлгерімді, тапсырмаларды және сабақ кестесін қадағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл жүйелер онлайн тест арқылы бағалау процестерін жеңілдетеді. «Google Classroom» платформасы да кеңінен таралған. Ол мұғалімдерге сабақ жоспарын әзірлеу, талқылау форумдарын ұйымдастыру және онлайн тест өткізу үшін ыңғайлы құралдар ұсынады. Жапония мен Оңтүстік Корея жылдар бойы мұғалімдер мен оқушыларға ыңғайлы білім беру платформаларын дамытып келеді, бүгінде олардың білім беру платформалары әлемдегі үздік жоба қатарында. Ал көршілес Ресейде «Дневник.ру» электронды күнделігі үлкен сұранысқа ие. Ол ата-аналар мен оқушыларға оқудағы жетістіктерді, сабаққа қатысу деңгейін және үй тапсырмаларын қадағалауға мүмкіндік береді. Әлемдегі әртүрлі елдер білім беру саласын цифрландыру бойынша өз стратегияларын ұстанады. Эстония мен Финляндия оқу үдерісін басқарудың тиімді платформаларын енгізсе, Сингапур мен Оңтүстік Корея жүйелі түрде цифрлық реформалар жүргізуде. АҚШ пен Канада қашықтан оқытуға және деректерді талдауға назар аударса, Жапония мен Ресей мектепшілік басқару жүйелерін жетілдірді.

«BilimLand» экожүйесі

«BilimLand» компаниясы еліміздің электронды білім беру саласының негізін қалаушы әрі дамытушы инновациялық компания ретінде танымал. Бұл мекеме он жылдан астам уақыт бойы сапалы цифрлық мазмұн мен технологияларды әзірлеумен, бейімдеумен және оларды Қазақстан мен көршілес мемлекеттердің білім беру мекемелеріне таратумен айналысып келеді. Бүгінгі таңда «BilimLand» экожүйесін 4 миллионға жуық қолданушы пайдаланады. «BilimLand» компаниясының білім беру саласындағы мемлекеттік органдармен қарым-қатынас бойынша басшысы Шүленбаева Гауһар Мергенбайқызы бұл платформаның сапасы мен ыңғайлы интерфейсінің арқасында жылдам танымал болғанын атап өтті. Оның айтуынша, «BilimLand» білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашып, мұғалімдер мен оқушыларға тиімді әрі ыңғайлы цифрлық орта ұсынады.

– 2023 жылдан бастап «BilimLand» компаниясы Қазақстан мектептеріне арнайы жасалған «BilimClass» атты жоғары сапалы отандық күнделік жүйесін ұсынады. Бұл жүйе барлық таптар мен стандарттарға сәйкес келеді, қауіпсіз және заманауи деуге болады. «BilimClass» мұғалімдер мен оқушылар үшін тиімді. Бұл қазақстандық өнім, жарнамасыз жұмыс істейді және оның мобильді қосымшасы тегін қолжетімді. Мемлекет, жергілікті атқарушы орган, мектеп және ата-аналар үшін бұл жүйе етегін әрі тиімді. Бұл білім беру саласының цифрлық жүйеге көшуін жеңілдетіп, қаржылық шығындарды азайтуға ықпал етеді, – дейді Гауһар Мергенбайқызы.

«BilimClass»: Мұғалімдер мен оқушыларға арналған электрондық журнал мен күнделік

«BilimClass» қажетті автоматтандыру жүйелерімен және қаржылық есеп жүргізу жүйесімен толықтай интеграцияланған. Мектеп бағдарламасының барлық пәнін қамтитын қазақ және орыс тілдеріндегі интерактивті сабақтар қолжетімді. Сонымен қатар платформа арқылы оқушылар үшін интерактивті үй жұмыстары ұйымдастырылады. БЖБ және ТЖБ толық цифрлық форматта өткізіледі, бұл бағалау жүйесін барынша оңайлатады. Сонымен қатар мұғалімдерге сабақ құрастыруға арналған арнайы конструктор ұсынылған. «BilimClass» жүйесін белгілі бір аймақ мектептеріне енгізген жағдайда «BilimLand», «iTest», «iMekter» цифрлық білім беру платформалары да тегін болады.



2024 жылғы 31 мамырдағы нәтижелер

BilimLand
education ecosystem



«Аптапалық» инфографикасы

Цифрлық білім беру платформасының мүмкіндіктері

«BilimLand» – цифрлық білім беру контентінен, интерактивті оқыту кешендері мен қосымша оқу материалдарынан тұратын білім беру платформасы. Платформа оқушылар мен мұғалімдерге жаратылыстану-ғылыми бағытындағы пәндерді тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Оның құрамына виртуалды симуляторлар мен зертханалық жұмыстар кешені кіреді, бұл оқушылардың тәжірибелік білімін жетілдіруге жағдай жасайды.

– «BilimLand» платформасында ағылшын тілі бойынша арнайы виртуалды курстар ұсынылған. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына арналған математикалық дағдылар мен логикалық ойлауды дамытуға бағытталған цифрлық ресурстар бар. Білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқытуға арналған материалдар да қолжетімді, – дейді «BilimLand» компаниясының Білім беру саласындағы мемлекеттік органдармен қарым-қатынас бойынша басшысы Гауһар Шүленбаева.

Платформа арқылы оқушылардың пәндерді тереңірек түсінуіне, мұғалімдердің сабақтарын интерактивті және қызықты етуіне мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар материалдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

Қаламыздағы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі Кәмшат Досымованың пікірінше «BilimLand» платформасы мұғалімдер үшін өте тиімді құрал.

– Ең алдымен уақыты үнемдеуге көмектеседі, себебі көптеген процесс автоматтандырылған. Мысалы, БЖБ, ТЖБ нәтижелерін енгізу арқылы оқушыларды автоматты түрде бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әр пәннің мазмұны жүйелі түрде орналасқан, бұл мұғалімнің жұмысын әлдеқайда жеңілдетті. Платформаның тағы бір артықшылығы – мерекелік күндерге сәйкес келетін тақырыптарды алдын ала анықтап, оқу үдерісін жоспарлауға болады. Сондай-ақ сабақ саны мен сағат мөлшері нақты көрсетіліп тұрады, бұл да жұмысты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Тағы бір артықшылығы, үйден оқитын оқушылар үшін жеке оқу бағдарламасын құруға мүмкіндік бар. Бұл бағдарлама жалпы оқу жоспарына тәуелсіз, яғни жеке сабақ кестесі мен пәндер жиынтығына бөлінеді. Мұғалімдер әр оқушыға жеке білім беру жоспарын жасап, пәндерді енгізіп, оқыту үдерісін толықтай реттей алады. Осы ерекшеліктерінің арқасында BilimLand платформасы мұғалімдер үшін өте тиімді әрі қолайлы – дейді ол.

«iTest» пен «iMekter» жайлы не білеміз?

«iTest» – ҰБТ мен қорытынды аттестаттауға дайындайтын қазақ және орыс тілдеріндегі 20 пән бойынша 77 мыңнан астам тест сұрақтары бар кешенді бағдарламаны да «BilimLand» платформасы ұсынады. Әр пән бойынша кез келген уақытта, локалды және мобильді құрылғыларда тест тапсыру шектеу жоқ. Пайдаланушылар катемен жұмыс істеп, нәтижелерді талдап, мониторинг жүргізу мүмкіндігіне ие. Платформа оқушыларға өз білімдерін тексеруге, әлсіз тұстарын анықтауға және оларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалімдер оқушылардың нәтижелерін бақылап, қажетті түзетулер енгізе алады. Бұл құрал оқушылардың жеке дайындықтарын жақсартуға көмектеседі және тестілеу үдерісін тиімді етеді. Ал «iMekter» – қазақ тілінде оқытатын бастауыш мектеп бағдарламасының мультимедиялық курсы. Платформада қазақ тілі, математика, әдебиеттік оқу, дүниетану, көркем еңбек, музыка, тәрбие сағаты пәндері бойынша 170 видеосабақ және 680-нен астам ойын ұсынылған.

– Бұл ресурс бастауыш сынып оқушыларының оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Ойын түріндегі оқыту әдістері арқылы балалар білімді жеңіл меңгереді. Сонымен қатар мультимедиялық материалдар оқу процесін интерактивті етіп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, – дейді Гауһар Мергенбайқызы.

BilimLand – Қазақстанның білім беру саласын цифрландырудағы маңызды қадам. Жүйе өзінің сапасы, ыңғайлылығы және тұрақты жаңартуларымен елдегі оқу процесін айтарлықтай жеңілдетіп, болашақта да білім беру жүйесінің негізгі тірегіне айналады деп жоспарланады.

Білім беру контентін жетілдіру, жаңа технологияларды енгізу және қолданушылар санын арттыру бағытында елімізде көптеген жоба белсенді жұмыс атқаруда. Алдағы уақытта білім саласына арналған платформалар Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де танымал цифрлық білім беру құралына айналуы мүмкін. Электронды білім беру платформалары оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушыларға икемді әрі қолжетімді білім алу мүмкіндігін береді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, электронды күнделіктер мен мұғалімдерге арналған платформалар оқу үдерісін басқаруды айтарлықтай жеңілдетеді, ата-аналар мен оқушылардың байланысын арттырады және оқыту мен білімді бағалаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Айдана ЖАУҒАШАРОВА, Ж.Нұрманов атындағы №198 мектеп директорының орынбасары, республикалық «Педагогикалық идеялар» байқауының III орын жеңімпазы:

ИНФОРМАТИКАҒА ҚЫЗЫҒАТЫНДАР КӨБЕЙДІ

– Жақында өткен республикалық «Педагогикалық идеялар» байқауында III орын иелендім. Сіз үшін бұл жетістіктің маңызы қандай?

– Бұл жетістік мен үшін ерекше мәнге ие, себебі ол менің ұстаздық жолымдағы еңбегімнің бағалануы деп білемін. Басты мақсатым – оқушыларының қабілетін шыңдау және болашақта өз орнын табуына көмектесу. Мектепте ғылыми-әдістемелік жұмыстармен айналысып, түрлі кәсіби байқауларға қатысамын, оқушыларды олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындаймын. Ұстаз ретінде үнемі ізденіп, шәкірттеріме үлгі болуға тырысамын. Ең басты жетістік – шәкірттеріміздің жеңістері. Олар өз білімдері мен еңбектерінің арқасында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Мысалы, биыл «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауының республикалық кезеңінде оқушымын Арсен Сейдалин III орын алды. 2023 жылы Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде Иоанн Пак I орын, ал Максим Попов II орын иеленді. 2024 жылы дәл осы олимпиаданың қалалық кезеңінде Максим Попов тағы да II орынға ие болды. 2024 жылы «Зерде» ғылыми жобалар байқауының қалалық кезеңінде Арсен Сейдалин I орын, облыстық кезеңінде де I орын алды. «Мамандықтар әлемін ашамыз» атты республикалық форумның қалалық кезеңінде Константин Цой I орын алды. Бұл жетістіктер – мен үшін үлкен мақтаныш. Әр оқушының жеңісі мен үшін үлкен жетістік, себебі олардың табысы – еңбегімнің нәтижесі.

– Байқауға қалай дайындалдыңыз?

– Кез келген байқау үлкен еңбекті, жүйелі дайындықты талап етеді. Ең алдымен байқаудың бағалау критерийлерін зерттеп, жұмыс жоспарын құрдым. Әр жобаға ерекше мән беріп, оның мақсаты мен міндеттерін нақтыладым, зерттеу нысанын анықтап, нәтижесін қарадым. Сондай-ақ жобалардың сапасын арттыру үшін көрнекілік құралдарын дайындап, оқушылармен бірге түрлі тәжірибе жүргіздік. Әрине, қиындықтар болды, бірақ сол кедергілерді жеңу арқылы біз одан да мықты бола түстік.

Басы 1-бетте



– Неліктен информатика пәнін таңдадыңыз?

– Еңбек жолымды математика және информатика пәндерінен сабақ беруден бастадым. Уақыт өте келе бір бағытты таңдау қажеттігін түсіндім және информатикаға басымдық бердім. Себебі қазіргі заманда ақпараттық технологияларды меңгеру – табысты болудың кепілі. «Ақпаратқа ие болған адам – әлемді билейді» деген ұғым бар. Осы қағиданы негізге ала отырып, ақпараттық технологиялар саласына тандандым. Бұл пән заманауи талаптарға сай болуды қажет етеді, сондықтан мен үнемі өзімді жетілдіріп отырамын. Осы салада білімді тереңдетіп, педагогика ғылымдарының магистрі атандым.

– Сіздің ойыңызша, білікті мұғалім қандай болуы керек?

– Білікті мұғалім – тек ақпараттық технологияларды жетік меңгерген адам ғана емес, сонымен қатар жаңашыл, ізденімпаз және шығармашыл болуы керек. Мұғалім заман ағымынан қалыспай, білім беру әдістерін үнемі жетілдіріп, әрбір оқушының қабілетін дамыта білуі тиіс. Технологиялар күн санап дамып жатқандықтан, мұғалім де үнемі жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге талпынуы қажет.

– Сабақ барысында қандай оқыту әдістерін қолданасыз?

– Оқыту барысында заманауи әдістерді қолданамын. Әсіресе, жобалық оқыту әдісі арқылы оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулимын. Сонымен қатар инклюзивті оқыту, аралас оқыту, қашықтан оқыту әдістерін де тиімді пайдаланамын. Әр оқушының жеке қабілетін ескере отырып, оларға қолайлы жағдай жасауға тырысамын.

– Оқытудағы басты ұстанымыңыз қандай?

– Мен үшін ең басты қағида – оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Сондай-ақ технологиялық оқыту әдісін де кеңінен қолданамын. Бұл тәсілдер оқушылардың өз бетінше ойлау, ақпаратты талдау және шығармашылық шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

– Сабақта қандай инновациялық технологияларды қолданасыз?

– Қазіргі заманғы білім беру платформаларының барлығы дерлік қолданамын. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдарын да сабақтарымда тиімді пайдаланамын. Оқушыларға ең заманауи құралдарды ұсыну үшін жаңа технологияларды үздіксіз зерттеп, оларды оқыту үдерісіне енгізуге тырысамын.

– Мұғалімнің басты міндеті қандай деп ойлайсыз?

– Әр бала – бір жұлдыз, біз олардың жарқырауына көмектесуіміз керек. Әр оқушының өзіндік таланты мен ерекше қасиеттері бар, сол себепті олардың қабілеттерін ашуға көмектесу – басты міндетім. Осы мақсатта «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» жобасын қолға алып, оны жүзеге асырудамын. Бұл жоба арқылы біз дарынды оқушыларға мүмкіндік беріп, оларды болашақ маман болуға дайындау үшін жұмыс жүргізудеміз. 10-сыныптан бастап оқушылар қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарды таңдайды. Бұл таңдау олардың болашақ мамандығына әсер етеді. Мысалы, жаратылыстану-математикалық бағытта оқушылар физика-математика немесе химия-биология салаларын меңгеруі мүмкін.

– Информатика пәнінің болашағы қандай?

– Қазіргі кезде IT саласына қызығушылық артты. Бұрынғы жылдармен салыстырғанда, информатика пәнін таңдайтын оқушылардың саны артты. Оларды болашақта IT мамандықтарына бағыттау үшін қосымша факультатив сабақтар өткізу маңызды деп есептеймін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Бетті дайындаған София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»



АБАЙ
КҰНАНБАЕВ – 180

Оныншы қара сөз

Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Әлсем орнымды басын дейді, артыман құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?

Балам орнымды басын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгенен қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді?

Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала тұғызып, оны да ит қылға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артыман балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Жаманшылықты көп қылсаң, баланың оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіне-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балам кәсіп қылып бере ала ма?

Ахирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліңдей ел асырап өсірмек пе екен?

Қартайғанда асырасын десең, о да – бір бос сөз. Өуелі – өзің қаруың қайтарлық картаюға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – ол да екі талай.

Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің, бұрынғы өз күніңді өзің көтергенімен тұрмай, балаңның күнесіне тағы да ортақ боласың.

Өуел баланды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағанына бір маз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Бокта!» деп, біреуді боктатып, «кәсірқиянқы, осыған тимендерші!» деп, оны масаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімін? Осы баладан қайыр күтесің бе?

Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Өуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің, Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақы берді, қайда жібергенді кім біледі? Ерінбей еңбек қыла, түнімлей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалғанып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегің – сол.

Бұл – құдайдан тілеген емес. Бұл – абыройын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік. Хош, сүйтіп жүріп-ақ мал таптың, байдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызаы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі.

ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ...

Далада боран-дауыл ысқырып тұр. Төбесі жұқа, шатыры жоқ үйдің әр жерінен жел улейді. Көне үйдің ағаш терезесінен жылу тысқа шығып кетпесін деп қаққан салапаннан күн сәулесі сығырады. Отын-көмірдің аздығынан алты бөлмелі зәулім үйдің аядай ғана бір бөлмесін паналаған бесеу бір-бірінің түріне үнсіз үңіледі. Отағасы темір тордың арғы бетіне тоғытылғалы отбасының бар бейнетін мойнына алған Пернегүл бірнеше айдың ішінде он жылға қартайып кеткен. Маңдайындағы әжім қыртысталып, терендей түсіпті. Қара шай мен кара нанды талғажау етіп, шыдап келе жатқанына да көп болды. Әдепкіде кішкентайы еркелеп, ананымынаны сұрайтын. Өмір оны да есейтіп жібергендей.

– Балам, отын жарып, жинап қойыңдар. Мына суық әлі ұзаққа созылатын тәрізді, – деді сау тамтығы қалмаған дастарханын жинап жатып.

Бейнеттен белі де қайқайып қалыпты. Суықтан болар, бүйрегі де әлсін-әлсін түйіп ауыратын болған. Оған мән берер шама да жоқ. Тағдырдың таяғы одан ауырлау болып тұрған сыңайлы.

Шам жарығының астында үйдің ересектері сабақ оқып отыр. Жарық күнге екі сағат қана беріледі. Қалған уақытта осы шам жаңға демеу. Балалардың әке жолына жауапкершілігі жанына батты. «Құдай-ау, осынша ауыр бейнетті беретіндей не жазығым бар еді» деді күбірлеп. Күйінгені ғой, отыздан енді ғана асқан оның бүгінгі әлпеті жан шошырлықтай. Кешегі аптада күйеуінің жай-күйін білмекке құмалақшыға барған. Онысы рас па, өтірік пе, әйтеуір, «жақын арада қауышасыңдар» деп алыстан үміттің сәулесін сығырайтқандай болып еді. Сол күннің қашан келерін күтіп, мойнын да созып қояды. Үміт сонынан өледі деуші еді.

Осылай күндер жалғаса түсті. Алдыңғы қыз бен ұлды оқуға жіберді. Қайсыбір жылы қызды оқытамын деп байлаған күрән тайды сойды да, жигулиге тиіп, колледждің директорын майлап қойған. Онысыз бірнәрсе болар ма?! Өзіміз қайтпектіз дегендерге «Абай да «болыс болдым, мінекі, бар малымды шығындап» деген. Құрғақ қасықтың ауыз жыртатыны бар, құр қолға бата да жүрмейді» деп кесіп айтты. Барған жерінде қыздың оқығаны бар деп айттады ғой. Бастысы, соны ойлады. Ал үл тегін СПТУ-ға барған. Енді екеуі демалысқа келген сәтте еді бұл. Оларды да аттандыраға бес-он тиының қалтасына салып жіберу керек.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, күйеуінің көк тірәктірі бәріне кінәлі секілді қаңтарылып тұр. Өткен-кеткен жолаушы да «ауылды асырап, отын-суын таситын көлік еді. Ақ боз ат иесіз қалды-ау» деп мүсіркей еткенді.

Осылай күндер зулай өткенде көрші Бәтима желмен жарыса жетті. Оның суыт жүрісін жақтырмай қараған Пернегүл маздап жанып жатқан пештің бір тесігін ашты да тұтқанының бір жағы үзілуге айналған ақ шәугімді қойып барып, бірден отырды.

– Көптен бері үйге кісі келмеді. Көшкен елдің жұртындай болып қалдық, Бәтима, – деді.

Жолдасы Пирәлі істі болып кеткелі бір ағайын іздеп келмегені жанына батқан болу керек. Таяқ тастам жердегі жамағайын да кара көрсетпеді. Қорадағы екі сиырын сауып, сүтін көже-қатыққа пайдаланып отырған. Одан басқа сүйенері де қалмады.

– Пернеш, – деді Бәтима аптығын басып. – Пирәліні шығарар амал бар. Анау қорадағы қос сиырды сатып, пұлын апарып берсең, қазір-ақ шығарып береді. Мен әлгінде ғана осы жұмыспен сөйлесіп келдім. Қазір қиын кезең ғой. Пейілі кең болғанмен, ағайынның берерге лағы да

көрсеніз. Өкенің осыншалықты беделін айшықтай түсті ғой.

Бір қызығы, Пирәлі үйге шыққан соң алыстағы ағайын да, бірінен соң бірі ағыла түсті. Осы үйдің берекесі де, бар байлығы да отағасы екенін сонда түсіген Пернегүл әйелдің қанша жерден шырақ болғанымен, дәл ер азамат тәрізді үйдің тіреуі бола алмайтынын түсінді. Бірақ жылға жуық уақыт шаңырақтың бірлігі мен берекесін кетірмей, түтінін түзу ұшырып, балаларға өкенің орнын жоктапшай отырғанын өзінше ерлік санады. Расында солай екені де анық еді...

– Бәйбіше, – деді қатқыл үнмен Пирәлі. – Қолда барды жоғалттық деп қапа болма.



жөк. Сен оған ренжіме. Жокқа жүйрік жеткізбей тұр ғой. Егер әлгі айтқаным көнсең, ертең апарып жолықтырамын.

Бәтима оңды-солды осылай түгендей жүреді. Құдайы-тойда да құлақ түріп, кімнің қай жерде кімі бар, қайда несі бар, соның барлығына хабардар. Бірақ соның арғы жағында жұртқа көмектесуге бейім болып тұрғанын айтсаңшы...

– Бәтима-ау, Құдай қосқан қосағым жанымда отырса, қолда барды беруге бармын ғой. Келістік, ертең көршінің көк жигулімен жолға шығайық, – деді үміт сәулесі жылт етіп, жанарында бір ұшқын пайда болған Пернегүл.

Олар ертесіне жолға шыға алмады. Алдымен көрші ауылдағы базарға қос сиырды ұлымен екеуі жетектеп апарып, сатып келген Пернегүл ауылға кеш қарая бір-ақ жетті. Одан кейінгі күні бар тапқанын орамалға түйіп, прокурорға аттанған. Бәтима екеуі кеткен Пернеш кешкілік үшеу боп үйге оралды. Сондағы балалардың қуанғанын

Өмір барда әлі талай малды боламыз. Айналамызды түгендерміз. Кешегі күнге дейін бетонда жаттық. Денсаулық та мазамды алып жүр. Балалардың жас кезінде еңбектеніп, бірді екі қылайық. Әйтпесе, мына түрімнен қорқамын. Алда-жалда...

Пирәлінің сөзін Пернеш үзіп тастады. – Тәйт, әрі. Сенің осы сөзіңді есту үшін тырысты деймісің?! Еркек емесің бе, мына бейнетті жалғыз көтеруге шама жоқ. Сені тіреу деп сүйеніп жүрмін ғой. Балалар үшін мұндайды ойламауың керек. Нені ойласаң, сол келеді. Жамандық шақырма, – деді жанары жасаурап.

Бұл әңгіме сонымен тәмам болған. Пирәлі әдетінше көк тірәктіріді оталдырып, тірлігіне кірісті. Совхоздың қайнаған жұмысының бел ортасында отбасының нопақасын тауып жүр. Ала жаздай егінде, қыстай отында. Әйтеуір, бір тынған жоқ. Үлкен қызы мен ұлына таршылықты сездірмеді. Екеуі алаңсыз оқуында болды. Бірақ ортаншы ұлдың кенеттен пайда

болған сырқаты жаңға бататын. Мектепке бармай жатып, аяқтан қалған оны көтеріп, қолға ұстап, апармаған доғдыры, апармаған емшісі жоқ. Бәрі де уақыттың емші екенін айтады. Оған қарсы Пирәлі де, Пернеш те ләм-мим деген емес. Үнсіз бас ізеп қала береді. Бірақ бірінен соң екіншісіне, одан үшіншісіне осылай әулиеге де барды, медицинаға да жүгінді. Аурухана мен санаторийде айлап жатқан да кездері болды. Бірде Пирәлі, бірде Пернеш алып жатады. Сөйтіп жүріп, ұлы төрт жасты толтырмай жатып, әліппені жаттап та алды. Енді мектепке барғысы келеді.

– Өкеу, көрші балалар мектепке барып жүр. Мен қашан барамын? – деді арабадан терезеге қарап отырған Әділет.

– Барасың, балам, барасың, – деген Пирәлінің даусы бәсеңдей түсті. Баласының осылай арбаға танылғанына қарай алмай, теріс қарап жасын сүртіп жатыр.

Баламен бірге сол күйді бірге сезінген екеу үнсіз бір-біріне қарады. Үміт соңынан өледі. Анабір жолы барған емшісі көп ұзамай аяққа тұрады деген. Оған қатты сеніңкіресе де, оған дейін айтқандарының барлығы да орындалып жатыр. Оған қалай сенбесің. Бірақ әлгі үміттің сәулесі жарқырай түседі.

Күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатты. Күнделікті қарбалас тірлікпен жүрген Пирәлі еңбек майданында еді. Пернеш те жұмысқа тұрды. Бағы алған дипломы кәдеге асып, мектептің аяулы ұстазы болды да қалды. Үлкен балалар өмірден өз орындарын тапты. Бәрі өзгерді. Тек терезеге қарап телмірген Әділеттің жағдайы ғана бәз қалпында.

Әйтсе де, баяғы емшінің сөзіне сеніп, бір ғаламаттың боларын күтіп жүрген Пернеш қана еді. Баланың емдеу курсын тоқтатпады. Үміті үзілмеді. Сірә, ананың жүрегі бір ғажайыпты сезген де болар.

– Апау, – деп айғайлап жіберді Әділет.

Баласының жан дауысын естіген анасы да, әкесі де өздерінің қоярға жер таппай жүгіре жөнелді. Бірінші маман ой келетіні рас екен. Аулада арбада тынығып отырған баласын бірдене шағып алмады ма деп жүгірген екеу мына көріністі көріп, состиып тұрып қалған. Әділет арбаның қасында тікесінен тік тұр. Аяғын жыбырлатып, «Апау, көрдің бе?» дейді жанарынан жас парлаған күйі.

Осы бір қуаныштан соң Пирәлі мен Пернеш ақ қойды құрбан шалып, ағайынның басын қосты. Ел әлі есін жып қоймаған кез еді. Тәуелсіздік деген бақыттың қандай екенін енді ғана сезініп жатқан. Қаржылық қиындық дегеніңіз бас көтертпейді, бірақ кең пейіл жоқтықты білдірмейді. Ал Әділет енді мектепке бара жатқан балаларға терезеден қарап телмірмейді. Ол да мектеп көретін болды. Бірінен бұрын соған қуанды.

Пернеш білте шамды әдемілеп қойды да, Әділеттің сабағына көмектесуге кірісті. Алдыңғы балаларға шырақ болған білте шам енді Әділеттің қажетіне асуда...

Аян СПАНДИЯР

Сурет Pinterest.kz сайтынан алынды

АЛЫП КРАНДЫ ТІЗГІНДЕГЕН НӘЗІК ЖАН



«Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді» көздейтіндердің заманы өтті. Бүгінде жұмысшы мамандықтары сұранысқа ие.

«Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалаң» деп Абай атамыз айтқандай, бүгінгі кейіпкеріміз еңбек адамы ретінде өмірден өз орнын тапқан жан. «Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек», – деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, біздің кейіпкеріміз осындай құрметке лайық жан.

Қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге өзіне жүктелген жауапкершілікті орындау адамның кісілік келбетін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Өзісіне үлкен жауапкершілікпен қа-

райтын Гүлнар Төлегенова нағыз еңбек адамының үлгісі.

– Кранды үйренуге ойда-жоқта барып қалдым. Үйде бала күтімімен отырған едім. Оған дейін дүкенде, асханада жұмыс істедім. Газет бетінен «Қызылорда Строй» мекемесі алты айлық курсқа кран мамандығы бойынша оқуға шақырып жатыр екен. Айна 72 сом стипендия беретіні де жазылған. Соған қызығып, құжат тапсырдым. Алты ай сабаққа барып, үйрендім. Бітіргеннен кейін тәжірибе жинау үшін кран тізгіндеуге ҚБИ-дағы бетон зауытына тәжірибелік жұмысқа жіберді. Алғашқы барған күні жетекшім кран жүргізіп үйретті. Екінші күні түске дейін болды да, түстен кейін келмеді. Жетекшім жоқ болса да, жұмыс жүруі тиіс, бетон құйып жатқандар «айдай бер» деді. Жастықтың әсерінен тез үйреніп кеттім. Кран айдау оңай көрінді. Осы зауытта кран тізгіндеп алғашқы еңбек жолымды бастадым, – дейді Гүлнар Төлегенова.

Осылайша кран тізгіндеуді тез арада үйренген Гүлнар апа жұмыстың қиындығына қарамады.



– «Кран айдағаны несі» деп көпшілікке ұнамайтын. Енем де қарсы болды. Алайда өзіме ұнады. Осы жұмысты істеймін деп бекіндім. Бетон кую оңай емес. Сақ отыру қажет. Үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жауапкершілік жағы қиын емес, техниканы тізгіндеп отырудан қиналған емеспін, – дейді ол.

Алайда 1995 жылы зауыт жабылып қалады. Дегенмен

қайсар анаға бұл қиындық әсер етпеген. Өзінің қолынан келетін ісі бойынша сауда жасайды. Біраз жыл өткен соң 2004 жылы «Құрылыс» АҚ мекемесіне барады. Сол жылдан бастап 15 жыл тұрақты түрде кран тізгіндеп, зейнетке шығады.

Кейіпкеріміз кәсіпке адалдық өзінің өмірлік ұстанымы болғанын айтады.

– Еңбектен бақытымды таптым. Мен ол кезде 22 жаста едім. Жалпы адам шыдамды болу керек қой. Не нәрсе болсын, қандай жұмыс болса да өзінің қиындығы болады. Сондықтан оның барлығына шыдау керек. Оны менгеру қажет. Кранды айдау кезінде қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау маңызды. Әр істе мұқият болу қажет. Шалт қимылының кері әсері не өзіне, не жанындағыларға тиюі мүмкін. Жұмысшылар дайындаған қоспаны алдымен қалыпқа құйып, кейін салмағы ауыр бетонды қайта шетке шығарып, оны тиеу кезінде ағаттық жасауға болмайды, – дейді ол.

Гүлнар Ибадуллақызы «Құрылыс» АҚ мекемесінде маңдай термен адал еңбек еткен білікті маман. Өзінің еңбексүйіштігінің арқасында бел жазбай еңбек етіп, бір ұжымның мақтанышына айналған Гүлнар Төлегенова сынды жанды қанша насихаттасқа т артық емес.


Сан салада ерлермен иық тірестіре жұмыс істеп жүрген нәзік жандыларды көргенде, демімізді ішке тартып, таңырқай қарайтынмыз рас. Бүгінгі кейіпкеріміздің әңгімесінен-ақ неткен ерлік деп отырдым.

Кейіпкеріміз бүгінде зейнет жасында. Ол биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» болғанына қатты қуанғанын айтты.

– 24 жыл кран тізгіндедім. Бұл осы жұмысқа деген адалдығымнан деп ойлаймын. Жастарда жұмысшы мамандығын насихаттай берсе, қоғамда жұмысшының беделі артса деймін. Президенттің жұмысшы мамандықтарға көңіл бөліп жатқанына қуанып отырмыз. Әрбір адамның еңбегі бағалануы тиіс, – дейді Гүлнар Төлегенова.

Айтқаны Батырбайқызы

Меншік иесі:



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДІС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.
Таралымы 4401 Тапсырыс №271

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолқы АЙТЖАНОВА